

Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы

Қатысқандар:11

28.08.2023ж

Күн тәртібінде:

- 1 . Балабақша педагогикалық ұжымын 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жүктемесімен, перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау талқылау бекіту.
2. ҚР мектепке дейінгі ұйымдарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеумен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық.
3. Жаңа оқу жылында қолдануға тиісті жаңа нормативті құжаттармен таныстыру.
- 4 . Тәлімгерлік туралы ережелер жас мамандарға аарналған нұсқаулықтар Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту.
5. Тәрбиешілердің шығармашылық тобының жұмысын ұйымдастыру.

Тындалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі: Р.Койланова сөз алды. Тағы да бір оқу жылына аяқ басқалы отырмыз. Жаңа оқу жылында жаңа міндеттер қабылдап, алдымызға жаңа мақсат қоямыз. Бір жылға жоспар түзіп, сабак кестесін бекітеміз. Мемлекеттік стандартпен толық танысып, талқылағанбыз, стандартқа сай сабак кестесін белгіледік. Мұнда белгіленген жүктеме сағаттан тыс, вариативтік сағаттар енгізілді. Ол үйірме жұмыс ретінде күннің екінші жартысында өткізіледі Алдағы уақытта жоспар бойынша, жүйелі жүргізулерінізді тапсырамын деді. Жалпы балабақшаның жылдық мақсаты «Денсаулық» және «Таным» саласын алдық. Балалардың денсаулығын ныгайта отырып, жан-жақты танымын арттыруда, дамытуши орталарды толықтырып, көрнекіліктер саны бала санына жеткілікті, талапқа сай болуына қөніл бөлінсін. Балаларды ынталандыратын, ықыласын арттыратын әдістәсілдер, ойындар, зерттеу жұмыстары, серуендер мен іс-шаралар тартымды жоспарлансын. Тәрбиешілер талапқа сай материалдар жинақтап, сабакқа, ойынға алдын ала дайындықпен келсін, жауапкершілікпен қарауды

тапсырамын деді. 2023-2024 оку жылының жыдық жоспарын балабақша менгерушісі және психологі бірігіп отырып құрды. Сондықтан осы айтылғандарды құптаймыз, жылдық жоспарға алып қосарымыз жоқ десеніздер бекітейік. Дей келе баларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ұжым болып жыдық мақсаттар белгілейміз, және сол мақсаттарға жетуге ерінбей енбек етеміз. Былтырғы жылдың мақсатына қарағанда өзгерістер бар. Балабақша ұжымы үнемі балалардың денсаулығын сактау мен нығайтуды, қауіпсіз болуын естен шығармаған жөн.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Р.Койланова апай өз сөзінде 2023-2024 оку жылында тәрбиелеумен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулықпен таныстырып жаңа оку жылына сәттілік тіледі және құжаттармен таныстыруды.

Тәрбиелеу-білім беру процесі;

-перспективалық жоспарға

-циклограммаға

– бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады. Жас топтары бойынша заттық –кеңістікті дамытуши ортага қойылатын талаптар жайлыштыруды.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша Койланова Роза апай тәлімгерлік туралы ережелер, жас мамандарға арналған нұсқаулықтар. Көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекіту. Жас маман жан жақты ізденіс үстінде болу керектігін нақтылау, көмекті қажет ететін жас мамандарды анықтап тәлімгер тәрбиешілерді бекітуге тоқталды. Биылғы оку жылында бөбкәйда жас маман дар жоқ. Балдаурен тобының тәрбиешісі Джурунбаева өз біліктігімен басқа мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетеді. Басқа тәрбиешілерде өзара ұйымдастырылған оку қызметтеріне кіріп, іс тәжірбие алмасу және үнемі ізденісте болып, өздерін жан-жақты көрсете білу керек деді.

Тыңдалды :

Келесі мәселе тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту жөнінде балабақша менгерушісі : Р.Койланова сөз алды. Ол өз сөзінде : Өткен кеңесте шығармашылық жұмыстарыныңға есеп беру кезінде де «Елбасымыздың сапалы білім беруге қол жеткізуіміз керек деген тапсырмасын сөзге тиек еткен едім. Іздену, даму, енбектену жұмыстарын бірде-бір педагог тоқтатпасын, ізденіп жұмыс жасайық, жаңа технологияны менгеруге ұмтылып, қызықты етіп, педагогикалық үдерісте балалар жалықпайтын, ықыласын арттыратын өдіс-тәсілдерді менгеруге, жүргізуге бет бұрайық деген едім.

Жаңа оку жылында таңдаған шығармашылық тақырыптарыныңға ерінбей материалдар іздел, жинақтап, жаңа түрғыда байланыстар тауып, ендіруді тапсырымын. Бекітілген тақырыптармен жүргізуде табыс тілеймін.

Шешімі :

- 1.Жылдық жоспарда көрсетілген міндеттер бойынша ,бекітілген күн тәртібі,сабақ кестесі бойынша оку-тәрбие жұмысы жүргізілсін.Жауапты:педагогикалық ұжым
- 2.Әрбір педагог өз белсенділігін зерттеп,зерделеп,жетістіктерге жетуге дамуға әрекеттенсін. Жауапты: педагогтар
- 3.Джурунбаева Ж тәлімгер тәрбиеші болып тәрбиешілерге бекітілсін.
- 4.Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптарына сай, ізденіп,материалдар жинақтауды жалғастырысЫн.Жауапты:педагогтар

Төрайымы : Р.Койланова
Хатшы : Джурунбаева.Ж



Педагогикалық кеңестің

№2 хаттамасы

Мерзімі: қараша

Катыскандар: 10

Күн тәртібі:

1. Балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын артыру жолдары.
2. Ұлттық тәрбие –ұлт болашағы .
3. Ойын –бала дамуының басты құралы .
4. Заттық кеңістіктік дамытушы ортаны үйымдастыруы және жабдықтау.
- 5.Ашық есік күні.

1.Тыңдалды:

Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша менгерушісі: Койланова Р. «Педагогикалық кеңесетер» мақсаты педагогикалық үдеріс сапасын жақсарту, қарастыру болып табылады. Педагогикалық үдеріс сапасын көтеру жұмысымыз да тиянақты, жан-жақты қамтылған болу керек. Балабақшада бекітілген күн тәртібі, үйымдастырылған оку қызметінің кестесі бойынша күнделікті жұмыс жүргүде. Балаларға балабақшада ен бірінші қауіпсіз, санитарлық-гигиеналық жағдай жасалып, апталық жүктеме саны, үйымдастырылған оку қызметінің ұзақтығы сақталып, балаларға физикалық , психологиялық ауырлық түспеу сәйкестігі сақталу керек. Балалар ойнап жүріп өзіне қажетті түсінік, ұғым, білім мен дағдылар алуы керек. Барлығын ойын түрінде, женіл қабылдайтындағы етіп өтудеміз.

Откен кеңесте педагогармен өзін-өзі дамыту жөнінде әнгіме қозғадық. Эр тәрбиеші өзін-өзі зерттеп, зерделеп ойлансын дегенбіз. Сол жөнінде өз ойларынызды ортаға салыңыздар.

Сөйлемді: тәрбиеші Медетова Б мен өзімді жас маман, тәрбиеші ретінде, балабақшадағы тәжірибелі тәрбиешілерден өзіме алатыным көп.

Үйымдастырылған оку қызметінде қолданылатын әдіс-тәсілдер, құралдарды пайдалану, сөз мәнері бәрі мен үшін үлгі, даму. Жалпы әрбір адам өз мамандығын менгерген, белсенді, білікті маман иесі болудын өзі даму. Мысалы балабақшада откен әрбір педагогикалық кеңесте семинар сабак, ашық үйымдастырылған оку қызметіне қатысу, пікірталасу,тренингке қатысу біз үшін көп нарсе береді. Оған қоса ән айту, өлең оқуды ұнатамын, жаныма жақын болған соң оны шетте қалдырғым келмейді. Атқаруға тиісті міндеттерден басқа өнер де адамға артықтық етпейді деп ойлаймын.

Сөйлемді: Жұмашева.Ж- Органғы «Балауса » тобының тәрбиешісі -мен жалпы балаларды өте жақсы көремін. Олардың қуанған, шаттықта бөлентген көз жанары мен қылыштарын, сөздерін ұнатамын. Мен оларды куыршактармен қуантамын – мен үшін де ол үлкен қуаныш. Куыршактардың

әр қайсысын бір-біріне ұқсамайтын, қызықты, әдемі, сапалы етіп тігуді өзіме бір мақсат етіп қойдым.

Сөйледі: Балабақша менгерушісі :Койланова Роза мамандықтарыңызben қоса қосымша бір өз сүйікті ісінізбен айналысу әрине өз істерініз. Ал дамыту сезі – бір басқа. Әсіресе жас буынға заманның ағымына, талабына, бәсекеге сай ұрпақ тәрбиелеу үшін, біз де заман талабына сай, жаңа технологияны менгеріп, көп тілді менігеріп, сай болуга ұмтылайық, ізденейік, компьютер заманы болды. Компьютерді менгерейік деді.

2. Тындалды: Тәрбиеші Джурунбаева Жанат «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері, ұйымдастырылуы, әдіс-тәсілдері, мақсаты мен маңызы, қатысуға міндетті мамандар жөнінде тәрбиешінің көпшілік алдында сез сөйлеу ережесі, жиналысты дұрыс өткізу жөнінде, балалардың қатысуы қай жерде қажет, қажет емес, ата-аналар топқа қай кезде ене алады? Дәрістер мен баяндамалар мақсаты не? Ата-аналар жиналысының үлгісін, ойындар ұсынылып, түсіндіріп өтті. (Баяндама қоса тіркелді)

Сөйледі: Балабақша менгерушісі : Койланова.Роза - баяндамада жұмыс түрлері көрсетілген. Тәрбиеші тоқталғанда кейбір түрлерін сенімсіздеу жеткізді. Өйткені практика жүзінде өзі өткізіп көрмегені көрініп түр. Өз ісіне сенімді болмаған кезде , ойың осылай шашыранқы, түсініксіз болады. Сенімділік болу үшін, жұмысын тиянақты , дайындалған, ізденген, өткізген кезде – батыл сөйлейсің. Осы түрлерін өткізіп, ізденуді ұсынамын деді.

3. Тындалды: Ата-аналармен жұмыс түрлері. Ата-аналар рингі (сұрақ-жауап) бойынша балабақша менгерушісі :Койланова Роза сез алды: Қазіргі тәрбиеші Джурунбаева Ж баяндама тақырыбын педагогикалық кеңеске күн тәртібіне қойып, оны пысықтау мақсатында осы тақырыпта сұрақ-жауап алушы жөн көрдік. Аталған жұмыс түрлері қалай ұйымдастырылады, тәрбие түрі қалай ұйымдастырылады, тәрбиешінің мақсаты, басқа да мамандар міндеті, ата-аналармен бала тәрбиесі жөнінде проблемаларды шешуде ынтымақтастық пен тығыз байланыста болу жолдарын қарастыру. Тәрбиеші қалаған соң емес, баласының тәрбиесі маңызды екенін түсініп жиналыста болу, атсалысуға үйрету.

Тәрбиешілерден алынған сұрақтар мазмұны:

- Ата-аналар рингін қалай ұйымдастырады?
- Ата-аналармен жүргізілетін тренингтердің мақсаты не?
- Ата-аналармен дәстүрлі емес жұмыс түрлерін ата?
- Ата-аналар жиналысын дұрыс өткізу жолдарын ата?
- Ата-аналарға арналған кештердің мақсаты не?
- Жеке тақырыптың кеңестердің мақсаты не?
- Ата-аналар алдында сөйлеуге үйрену ережесі
- Ата-аналар жиналысына қатысуға міндетті мамандар
- Ата-аналарға арналған дәрістер мәні мен маңызы?
- Ашық есіктер күнінің маңызы, мақсаты
- Отбасы мүшелерінің топқа енуі қай кезде іске асырылады?

4.Тындалды:

кіші топ тәрбиешісі : Медетова.Б «нан дастарғанға қалай келеді» ашық
есік күніне өткізілген оқу қызметі талқыланды
Тәрбиеші мен балалар арасында ынтымақтастық бар. Бес саламен
байланыстыра білді.Балалардың зейінін ұстап тұра алды.

Шешім:

1. Ата-аналармен жұмыс түрлері қамтылып, жоспарға енгізілсін.
Жауапты: тәрбиешілер
2. Ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастық орнатуда, дайындық
жұмыстары жауапкершілікпен, қызықты ұйымдастырылсын.
Жауапты: менгеруші, тәрбиешілер
3. Тәрбиеші :Медетова.Б ашық есік күніне әдіс-тәсілдері күнделікті
ұйымдастырылған оқу қызметіне ендірілсін.
Жауапты: менгеріші,тәрбиешілер

Тәрайымы
Хатшы



Койланова .Р
Джурунбаева.Ж

**Педагогикалық кеңестің
№3 хаттамасы**

Мерзімі: Қантар

Катысқандар: 11

Күн тәртібі:

1. 1-жарты жылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарына аналитиклық есеп беру
2. 1-жарты жылдықтағы білім-білік дағдыларын диагностикалау ортанғы диагностика
3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде «Асық» терапиясын қолдану
4. Жарты жылдықта ауырған балардың көрсеткішін талдау.

1.Тындалды: бірінші мәселе бойынша бөбекжай менгерушісі Койланова Роза бөбекжайдың жарты жылдық есебін баяндады.Жарты жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар өткізілген ертеңгіліктер, семинарлар, жиналыстар ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып қағаз жүзінде өткізілді.Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілер өздерінің жарты жылдық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын ашық ұйымдастырылған іс әрекеттердің, жоспарын жүргізіп жұмыстарын өткізді

2.Тындалды;балабақша менгерушісі Койланова Роза сөйлемді.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын менгеру бойынша мониторинг жүргізуін әдістемелік ұсынымдарымен таныстырып өтті.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы менгерту бойынша жүргізілетін мониторинг критерийлері мен индикаторларын оқып ,түсіндіріп өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру деңгейлерін есептеу әдістемесімен таныстыруды.1 ш» қосымшашымен таныстыруды және 2-ші қосымшада бақылау парақтары Excel форматта берілген. Топтың мониторинг нәтижелері негізінде мектепке дейінгі ұйымның әдіскері Excel форматта берілген қосымшага сәйкес 3-қосымша мектепке дейінгі ұйымның содан соң аудандық білім белімдері жасайды.Топтың мониторингі нәтижелері негізінде оқу жылына баланың жеке даму картасы толтырылады.Баланың жеке даму картасын толтыру кезінде педагог кестеге дамытушы немесе түзету шарапарын қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың екі түрін енгізу керктігін айттып өтті.

3.Тындалды; Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде «Асық» терапиясын қолдау туралы тәрбиеші Жұмашева Ж баяндама оқыды. Мектепке дейінгі ұйымда баларды дамыту ,білім беру тәрбиелеу мақсатында қолданылып

келген педагогикалық технологиялар жеткілікті. Соның бірі асық ойыны. Асық-ойыны сол бай салтымыздың бір дәстүрі. Ертеде қазақ халқы асықты бала кезінде қолына алып жас кезінен бастап ойнай бастайды. Тіпті сәби дүниеге келмей жатып жас нәрестеге арнап асық жинайтындар да болған. Асық ойындарының тәрбиелік мәні зор.

4. Тындалды; балабақша медбикесі Сейдахан А сөз алды. Ол өз сөзінде балабақшада жарты жылдықта ауырған балардың көрсеткіші аз дау болды. Барлық санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілді.

Шешім:

1. Отken кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қабілеттері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау бойынша аралық мониториг нәтижелерін қосымшаға сәйкес Excel фармотында жасалып, білім бөліміне тапсырылсын. қарапайым ақпарат көздерін пайдалануда дағдыларын жетілдіруді үйымдастыру. Жауапты: мемгеруші, тәрбиешілер
3. Үйымдастырылған іс-әрекеттерде ойындарда «Асық» терапиясын қолданылсын.

Төрайымы : 
Хатшы : 



Койланова .Р

Джурунбаева.Ж

Педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы

Мерзімі: Наурыз

Катыскандар: 8

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуын талқылау.
2. Қоршаган ортаға, табиғатқа қамқорлықпен қарайтын, қарапайым экологиялық түсініктерді менгерген бала тұлғасын қалыптастыру.(Баяндама)
3. Қоршаган ортаға танымдық қызығушылығын арттыру.(пікір алмасу)
4. Ашық үйымдастырылған оқу қызметтерін талқылау.

1. Тындалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша менгерушісі :Койланова.Роза сөз алды: бала өзіне жан-жақтан ақпарат алғып, менгере бастайды. Тек біздің сөз сөйлеу мәнеріміз, іс-әрекетіміз, қымылымызға да елікеп, қайталауға әрекеттенеді, бойына сіңіріп өседі. Құрдастарымен қарым-қатынасқа түсіп, олардың әрекетімен, ойымен, мінезімен бөліседі. Жалпы қоршаган ортасына қарап өзіне мағлұмат алғып, ойы, тіл байлығы дамиды.

Ойын кезінде танымдық білімдері артып, өмірлік тәжірибеде пайдалануға әрекеттенеді. Мысалы: балабақшада зерттеу – іздестіру ойындарында (қант, тұз) екеуін үйде бақылау жасап қайталауды. Мұзды бояуды, суға бояу, қатыру арқылы жасалатынын, сабынды көпіршектермен ойнау, қағаздың суда жібитіні, жыртқанда дыбыс шығуы, бүктеу арқылы түрлі заттар жасауға болатыны туралы. Балалармен үйымдастырылған оқу іс-әрекетінде , өмірін үйымдастыруында түрлі зерттеу-іздестіру ойындары жоспарлануда. Заттардың көлемі, түсі, пішіні, қасиеттері, санын ажыратса отырып көп нәрсеге көз жеткізеді.

Балалардың қызығушылығын, танымдық белсененділігін дамытуда қажетті ортанды үнемі қызықты, мазмұнды етіп құруға әрекет етуді тапсырамын деп сөзін аяқтады.

2. Тындалды: Балабақша менгерушісі :**Койланова Роза** «Қоршаган ортаға, табиғатқа қамқорлықпен қарайтын, қарапайым экологиялық түсініктерді менгерген бала тұлғасын қалыптастыру»тақырыбында баяндамасын оқыды.

Баяндамада: балаға табиғаттың ықпалы зор. Оларға заттар мен құбылыстардың әсерін: көру, есту, ұстау, иіскеу, дәмін тату, эксперименттеу арқылы сезімге жағдай жасауымыз қажет. Балалар күнделікті тәжірибесінде: құстарды және жәндіктерді бақылау жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлар туралы телехабарды көру, бөлме гүлдерін, аула гүлдерін отырғызу, күту

арқылы табиғат нысаны мен құбылыстарымен тығыз байланыста, қарым-қатынаста болады. Табиғат құбылыстары мен көріністері балаларды сұлулығымен, қанық бояларымен тәнті етеді. Қоршаған ортамен қарым-қатынас баланың сезімін оятып қоймай, фантазиясын, тіл байлығын оятып, түрлі сұрақтар қоя бастайды. Балаларды қоршаған ортамен таныстырып қана қоймай, әлемді сүйіп, оның зандарына сүйеніп, яғни табиғатты аялау, жауапкершілік сезімдерін ояту жөнінде іс-әрекеттер ұйымдастыру туралы болды.(Баяндама қоса тіркелді)

Сөйлегендер: Тәрбиеші Жұмашева Ж- ортаңғы топта балалар көп нәрсені түсініп, қызығып, зандалықтарына да мән береді дегеніне мен келісемін. Себебі: серуенде құсқа қамқор болу, ұя жасап, жем беру, гулдерді құту, ауланы ластамау, немесе ағаштарды сындырмау, бәрін түсініп, ондай іс-әрекеттердің пайда-зиянын біледі. Тіптен «Жасыл ел» бағдарламасына сәйкес жасыл галстук тағып, елімізді көгалдандыру мен көріктендіруге қатысушы жастар жөнінде бейне таспалар көріп, соларға ұқсауға бағады.

Тәрбиеші: Медетова Б - балалар өсе келе түрлі табиғат құбылыстарын аңгарып, мән береді. Және сұрақтары да көп. Мысалы: Жұлдыз неге ағады, бұлттар бірде бар, бірде жоқ? Теңіз суы қайдан келеді? Құм неге сусиды деген сұрақтар қояды. Бәрін білгісі келіп тұрады. Ал, мен оларға табиғатты қорғау міндеттіміз, өйткені көптеген жануарлар, құстар, өсімдіктер жоғалып кетуде, олар қызыл кітапқа енген. Ая, су, ағаштарды қорғап, ластамауға дағыланайық деп үйретемін. Түрлі ойындармен, зерттеу-іздестіру жұмыстарымен байланыстыруға әрекеттенемін.

3. Тыңдалды: Қоршаған ортаға танымдық қызығушылығын арттыру.(пікір алмасу)

Сөйледі: педагогтар балалардың коршаған ортаны қабылдауын, білімдерін шығармашылықпен байланыстыруды дамыту, іскерліктерін дамытудың жолдарын сөз етті. Мысалы: жел тұру, ағаштар тербелуі, судың толқын тебіренуілерін кимылмен әуенге сәйкес келтіру, жапырақтың тұсуі, құстардың ұшуын,, қар жауын, кемпірқосақтар түсін бейнелеу, жапсыру арқылы, табиғи материалдармен түрлі заттар жасап, қалдық заттарды қолданып зат жасауға үйрету жөнінде айтылды.

Тыңдалды: Ашық оку қызметтерін талқылау.

Тәрбиеші Джурунбаева.Ж «Геметриялық пішіндер» атты ұйымдастырылған оку қызметі.

Сөйлегендер: Койланова.Роза - Ондағы оку қызметінің мақсаты балалар жасына лайықты алынған. Табиғат туралы қысқа және накты мағлұмат алды. Таза ауда серуендең жүріп, ауа жұтып, зерттеп, көбелектер ұсташа ойынын қызыға ойнады. Арықтан аққан суды бакылат, оның өсімдіктерге қажет екенін көзben көріп, сұрақ-жауап өткізді. Балалардың сөздік коры байып, әдемі әсер алды. Еңбекпен байланыстырыды.

Тәрбиеші: Медетова .Б - маған тәрбиеші: Джурунбаева.Ж сабагы ұнады. Тәрбиеші алдына ала бәрін жоспарлаган, құрал-саймандары да түтел. Табиғат жайлар әдемі жылулық шенберін құрды. Балалар мен тәрбиеші арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас өте жақсы орнаған.

Шешім:

1. Откен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Ұйымдастырылған оқу-тәрбие үдерісінде балаларды табиғатпен таныстырумен бірге, табиғатты қорғау, аялау сезімдеріне тәрбиелеу. Жауапты: Тәрбиешілер
3. Танымдық қызығушылығын арттыруда қызықты, мазмұнды әдіс-тәсілдер, ойындар пайдаланылсын. Жауапты: Тәрбиешілер
4. Балалардың жан-жақты даму деенгейін көтеруде, оқу –тәрбие үдерісі жүйелі жүргізілсін.
5. Тәрбиеші: Джурунбаева. Ж ашық ашық ұйымдастырылған оқу қызметі жақсы деп бағалансын, әдіс-тәсілдерін, элементтерін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне ендірілсін. Жауапты: Тәрбиешілер

Тәрайымы :

Хатшы :

Койланова.Р

Джурунбаева.Ж



Катыскандар: 9

10.05.2024ж

Күн тәртібі:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізілуі
Жедел тексеру қорытындысы. Барлық топ
3. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беруі
4. Балалардың бір жылдық бағдарлама материалын менгеруі, бастапқы, аралық, қорытынды диагностика нәтижелері.
Қорытынды мониторинг

Тындалды :Балабакша менгерушісі Койланова.Р балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында күнделікті жүргізіліп жатқан жұмыстар өзз нәтижесін беруде. Күн тәртібін сақтау құнарлы тамақ, уақытылы тынығу сауықтыру шаралары арқылы балаларымызден сау болып қалыптасуда.

Ата-аналармен жұмыс жоспарлау турлер(Жедел тексеру қорытындысы. Балабакшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшайте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын артыру.Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орны зор екенің түсіндіру. Отбасы адамзат бесігін тербеткен үя болса, баланың бас ұстазы-ата-ана. «Балапан үяда не керсе, ушқанда соны істейді» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сездің сырына үнілер болсак, бала акеден ақыл, анадан алады. Ата-анаға баладан жаксы ешкім жок. Ал бар тәрбиеміздің көзі — ата-бабаларымыздан қалған асыл сездер, Яғыни небір кереметтің барлығын ақыл сездер мен мақал-мателдер. Балалардың бойында салауатты өмір салтының дағдыларын қалыптастыруға бағытталған; салауатты өмір салты тәрбиелеу.

Ата-аналарды бағдарлама бойынша қол жеткен жетістіктермен таныстыру тәрбиешілер талаптарына дең қоюға бағыт беру.

Тәрбиешілердің ата-аналармен жұмыс бала тәрбиесі туралы терең жан-жақты қарастыру және оны бекіту.

Тындалды. Балабакша менгерушісі Койланова Р.тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына тоқталып етті. Педагогикалық үдірістілігі тәрбиешінің өз ісін сапалы орындауда анықталады. Тәрбиеші өз жұмысынғылыми негізде теориялық түрғыда сауатты жүргізе білсе, онда практикада жүргізсе, жүиелік қалыптасып нәтиже табысты болмак.

Тындалды; Балабақша менгерушісі Койланова.Р сөз алды. Ол өз сөзінде тәрбиешілердің балалардың қортынды мониторинг жүргізу тасілдеріне тоқталған өтті. Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының қорытынды мониторинг жүргізуінің негізгі тасілдері 2 жастан 5 жасқ дейінгі балалар. Мониторинг балалардың жасы мен «Денсаулық», «Қатынас»; «Таным», «Шығармашылық»; «Элеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сайкес олардың физикалық зияткерлік және жеке қасиеттер деп атап өтті.

Шеийм:

- 1 . Отken педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын .
2. Тәрбиешілердің ата-аналармен жұмыс жүргізуі бала тәрбиесі туралы терең жаң-жакты қарастыру және оны бекіту.
3. Қорытынды мониторинг нәтижесі бойынша ескерту мен ұсыныстар орындалсын.

Төрайымы:

Койланова.Р

Хапиы:

Джурунбаева.Ж.

